

4-апта

№ 7-8 Дәріс тақырыбы Грамматикалық тәсілдер мен ішкі жолдары

1. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі: жалғаулардың грамматикалық мағыналары
2. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі: сөз түрлендіруші жұрнақтардың (форма тудырушы қосымшалардың) грамматикалық мағыналары

1. Грамматикалық мағынаны білдірудің синтетикалық тәсілін Ә.Хасенов сөздің өз ішінде болатындығына назар аудартады. “Синтетикалық тәсілдер дегеніміз – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде қолданылған амалдар арқылы білдірілуі” (1996, 231-б). **Синтетикалық тәсілдің** ішкі берілу жолдары бар. Оған *аффикстік (қосымшалардың жалғануы), префикстердің қосылуы, ішкі флекция, екпін, супплетивті* жолдарын жатқызады. Ә.Хасенов бұған қоса редупликация, біріктіру амалдарын қосады, сөздерді қосарлап, қосарлау, қайталауды редупликация деп синтетикалық тәсілдің ішінде қарайды. Осының ішінде түркі тілдерінде қосымшалар жалғану арқылы грамматикалық мағыналардың берілуі өнімді жолы болып табылады. Жалғаулардың жалғануы сөзге түрлі грамматикалық мағыналар үстейді: көптік жалғау - көптік мағына, тәуелдік жалғаулары - тәуелдік мағына, жақтық мағыналар, жіктік жалғаулары арқылы жақтық, жекеше-көптік мағыналар; септік жалғаулары арқылы қиымлдың, іс-әрекеттің иесі, меншіктілік, тура және жанама объектілік, мезгіл, мекен, бағыт, құралдық, амалдық т.б. мағыналар беріледі. Шырай жұрнақтары арқылы біртектес сынның салыстырмалы немесе күшейтпелі сипаты, етіс жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы түрлі қатынастары беріледі; болымсыз етістік жұрнақтары арқылы қимылдың болмауы, іс-әрекеттің орындалмауы; шақ жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің осы мезгілден бұрын, не нақ осы мезгілде немесе осы мезгілден кейін орындалатынын білдіреді. Жоғарыда келтірген сөйлемдегі *ойладым* сөзінде синтетикалық тәсілмен берілген грамматикалық мағыналарға қарайық: -ды –іс-әрекеттің өткен мезгілге қатысты екенін білдіреді (бұл - шақтық мағына, оның ішінде жедел өткен шақтық мағына), -м - іс-әрекеттің бірінші жаққа қатысты екенін білдіреді (бұл - жақтық мағына). (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 233-239).

Префикс – түркі тілдеріне тән емес, орыс тілінде бар жол. Пришел – префикс грамматикалық мағынаны өзгертеді, яғни келді, зашел – келіп кетті, перешел – өтіп кетті. С.Исаев қазақ тілінде префикс деп айтылатын *бей* мен *би* префикстер емес, олар кірме сөздердің құрамына еніп кеткен дейді. Дегенмен *бейресми* сияқты кейінгі жасалып жатқан сөздер бар, тіпті *бейкүнә* сөзінде «күнәсіз» деген, бей сөзге болымсыздық мағына қосатынын жоққа шығара алмаймыз.

Ішкі флекция, Ә.Хасенов дыбыстардың алмасуы деп атайды, – түбірдің құрамының өзгерісі арқылы грамматикалық мағыналардың берілу жолы. Атауында тұрғандай түбірдің ішінен кірігіп орын алады. Флекция жалғау деген сөз. Бұл жолы да қазақ тілінде жоқ. Араб, орыс, ағылшын, неміс, эстон тілдерінде бар: собирать (жинау), собрать (жинап алу), выбирать-выбрать (вид категориясы; бірінші сөздерде несовершенный, екінші сөздерде – совершенный вид), *foot* (нога) — *feet* (ноги) (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 239-243)

Екпін (сөз екпіні) – қазақ тілінде екпін өздің грамматикалық мағынасына әсер ете ме? Ә.Хасенов алма-алма, бөлме-бөлме сөздеріндегі екпіннің әрқелкі түсуі алғашқы сөздердің зат есім, соңғылардың етістіктің болымсыз түрі екенін білдіреді дейді (229). Орыс тілінде: *дома* (үйдің) - *дома* (үйлер) *замок-қорған*, *замок-құлып* (жалпы бұл грамматикалық мағынаға әсері ме, әлде лексикалық мағынаға әсері ме? Күмәнді)

Екпінге қатысты пікірлер. Ә.Хасенов «қазақ тілінде негізгі екпін сөз түбірінің соңғы буынына түседі, сондықтан қазақ тілінде екпін – грамматикалық мағына білдірудің өнімді тәсілі емес» (1996, 252-253).

Дегенмен *Базарда алма көп. Алманы көп алма! Алма* омофонының жасалуына себеп – грамматикалық екпін тәсілі (253)

Еркеш студент бүгін келеді. Студент Еркеш бүгін келеді. Еркеш – студент (интонация кабаттасып). – ой екпіні үстеме грамматикалық мағына туғызып тұр (253).

Супплетивті жолы да жоқ. Орыс тілінде хороший (жақсы) - лучше (өте жақсы), много (көп) – больше (көбірек) сөзімен берілсе, көпше түрі. Ағылшын тілінде де good and best. (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 1996, 243-245)

2. Әр морфеманың өзіне тән мағынасы және сыртқы дыбыстық формасы болады. Сонда сөз морфемалардан, морфема дыбыстардан құралады. Дегенмен бұл тұжырымға қайшы пікір де бар. Айталық Қалыбаева мен Оралбаева “морфема фонемалардан тұрады” деген дискриптивті структурализмнің дәстүрлі сипаттамасы болып еді, енді ол “морфемалар емес морфтар фонемалардан тұрады” деп өзгерді деген (8-9). “Ал морфема болса морфтар жүйесін қамтитын жалпылауыш атауға айналды” (9).

Кейде сөз бен морфема сәйкес келеді. Мысалы: Ерте ояндым, ойландым.

Сөз құрамындағы морфемалар мағынасы мен атқаратын қызметтеріне қарай әр түрлі. Мысалы, *егін, тілдесті* сөздеріндегі *ек, тіл* морфемалары лексикалық мағына білдіріп, сол лексикалық мағынаның жалпылануы нәтижесінде жалпы грамматикалық мағына білдіреді, басқа сөздердің жасалуына негіз болады және басқа морфемалар бұларға келіп жалғанады. Ал *-ін, -дес, -ті* морфемалары жеке тұрып еш мағына бере алмайды, тек алғашқы морфемаларға жалғанғанда ғана оған әртүрлі грамматикалық мағыналар үстейді және сол морфемаға сәйкес түрленіп, өзгеріп отырады. Мысалы, *ег+ін -ын емес, тілдес+-ті -ты емес*. Міне осыған орай морфемалар екіге бөлінеді: **түбір морфема** және **қосымша морфема**.

Түбір морфема - құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі. ТМ - жаңа сөз жасаудың ұйытқысы. ТМ-сыз сөз жасалмайды. Мысалы: *мал-малшы-малшылық*.

ТМ дара түрде де (айт), қосымша морфеманы да жалғап та (айтыс) жұмсала береді. Сондай-ақ ТМ қайталанап та (мая-мая), қосарланып та (бала-шаға), бірігіп те (аққу), тіркесіп те (он бес) қолданылады.

ТМ сөйлеуде ешбір қосымшасыз қолданыла береді, белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Дегенмен бұл ереже барлық сөз топтарына тән емес. Ескерту: грамматикалық тұлғалары көп, әсіресе сөз байланыстырушы тұлғаларға бай сөз таптары көбіне түбір күйінде қолданылмайды немесе ерекше мәнде жұмсалады (С.Исаев). Олар - зат есім мен етістік. Ал түрлену парадигмалары жоқ немесе дамымаған сөз таптары түбір күйінде қолданыла береді. Мысалы, үстеу, сын есім, сан есім. Мысалы: *Ерте* туып, *кеш* қалған. *Жақсы* жастар көп.

Қосымша морфемалар - өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек ТМ-ға қосылып, оған әртүрлі қосымша мән үстейтін морфема. Қосымша морфемаларда мағыналық дербестік те, тұлғалық дербестік те болмайды. Ол тек ТМ-ға жалғанып жұмсалатындықтан, сол ТМ-ның ерекшелігіне сәйкес өзгеріп отырады. Сондықтан бір ҚМ-ның бірнеше дыбыстық нұсқалары болады: мен, бен, пен.

Морфемалардың өзіне тән ерекшеліктері бар:

- ТМ мен ҚМ-ның қосылуында жүйе, заңдылық бар. Мысалы, ТМ өзіне кез келген ҚМ-ны жалғай бермейді. Сол сияқты ҚМ да. Мысалы: *-ған, -ген, -қан, -кен* ҚМ-лары тек етістік түбіріне ғана жалғанады, тура объектіні білідретін *-ды, -ді, -ты, -ті* ҚМ тек зат есімдерге жалғанады (А.Ысқақовта 26).
- ТМ өзгермей, бастапқы формасын сақтап отырады. ҚМ ТМ-ға дыбыстық жағынан үйлесіп, өзгеріп отырады. Мысалы, *даламыздан, әншілерге* (А.Ысқақовта).
- Бір ТМ-ға бірнеше ҚМ жалғана береді. Бірақ ол ҚМ қалай болса солай емес, белгілі бір заңдылықпен жалғанады. Мысалы: *мұғалім-дер-іміз-дің* (орнын ауыстыра алмайсың). (А.Ысқақовта)

- ҚМ қай түбірге, қанша түбірге қосылса да, түрл-түрлі мағына емес, жалпы бір түрлі грамматикалық мағына үстейді. Мысалы: айтты, шықты, оқыды немесе үйлер, қалалар, көшелер (А.Ысқақовата).
- ТМ-ның мағынасы нақты, ол мағына түбірдің тікелей өз бойында болады, ҚМ-ның мағынасы тым жалпы, тек сөздің құрамында ғана анықталады. А. Ысқақов бұл белгіні түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы ең негізгі айырмашылық деп көрсетеді: “түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық (конкреттілік), әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық (абстрактілік), әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы (абстрактілік) мағына тек сөздің құрамында ғана тиянақты болып анықталады. Осыған сәйкес, түбір морфема тілдің өзіне тән мағынасы бар тұлғасы (единицасы) ретінде жеке-дара тұрып қызмет етсе, қосымша морфема тілдің мағыналы тұлға (единица) есебінде жеке-дара жұмсалмайды, тек сөздің құрамында ғана қолданылады” (А.Ысқақов, 27)
Жалпы бұл аталған белгілер екеуінде де бар (А.Ысқақов, 26-27) С.Исаев).